

Өтінім берген барлық талапкерлер өздерінің өтінім статустарын Жеке кабинетінен көре алады. Төмендегі өтінім статустардың сипаттамасы талапкердің Жеке кабинетінде қойылу ретімен орналастырылған.

Application in processing. Талапкердің өтінімі тексерістен өтуде екенін білдіретін аралық өтінім статусы. Студенттерді оқуға қабылдау офисі өтінім нысанын және құжаттарды тексеріп, қажет болған жағдайда қателер және келесі қадамдар туралы хабарлайды.

Does not meet entry requirements. Талапкер іріктеу конкурсына қатысу үшін қойылған ең төменгі талаптарға сәйкес келмейді.

Needs to take NUET. Талапкерге NUET емтиханын тапсыру қажеттілігін көрсету үшін емтиханның алдында қойылатын өтінім статусы. Шақыру хат пен нұсқаулықтар емтиханға шамамен 5 күн қалғанда талапкердің электрондық поштасына жіберіледі. Емтихан кестесі «Маңызды күндер» бөлімшесінде қолжетімді.

Not allowed to take NUET. Талапкердің емтихан алдындағы іріктеу конкурсының ең төменгі талаптарына сәйкес келмеуіне немесе бұзуына байланысты оған NUET емтиханын тапсыруға рұқсат берілмейді. Ол «NUET талапкерлері» санаты бойынша іріктеу конкурсына қатысуын тоқтатады. Алайда, бакалавриат бағдарламасы бойынша талаптарға сай келген жағдайда, белгіленген мерзімдер ішінде басқа қолжетімді категория арқылы конкурсқа қатысуын жалғастыра алады.

Passed NUET. Талапкер NUET емтиханын сәтті тапсырып, өту балдарын алды.

Failed NUET. Талапкер NUET емтиханы бойынша өту балын ала алмады. Ол «NUET талапкерлері» санаты бойынша іріктеу конкурсына қатысуын тоқтатады. Алайда, бакалавриат бағдарламасы бойынша талаптарға сай келген жағдайда, белгіленген мерзімдер ішінде басқа қолжетімді категория арқылы конкурсқа қатысуын жалғастыра алады.

Missed NUET. Талапкер NUET емтиханына келмеді. Ол «NUET талапкерлері» санаты бойынша іріктеу конкурсына қатысуын тоқтатады. Алайда, бакалавриат бағдарламасы бойынша талаптарға сай келген жағдайда, белгіленген мерзімдер ішінде басқа қолжетімді категория арқылы конкурсқа қатысуын жалғастыра алады.

Withdrawn. Талапкер өз қалауы бойынша конкурсқа қатысудан бас тартты. Бұл өтінім статусы конкурс басталғаннан бастап кез келген уақытта қойылуы мүмкін.

Recommended for admission. Талапкер конкурстық іріктеуден сәтті өтті және оқуға шақыру хаты Жеке кабинетте қолжетімді.

Recommended for conditional admission. Талапкер конкурстық іріктеуден сәтті өтті және белгілі бір мерзімге шарт(-тарды) орындауды қажет ететін оқуға шақыру хатын алды.

Waiting list for Program. Талапкер рейтингте төмен орналасуына байланысты оқуға шақыру хатын алушылар қатарына кірмеді. Алайда, бұрын оқуға шақыру хатын алған талапкерлердің бірі одан бас тартқан жағдайда, талапкер оқуға шақыру хатын алу мүмкін.

Accepted Program offer. Талапкер көрсетілген мерзімде оқуға шақыру хатын қабылдағаннан кейін келісімді растайтын оқуға қабылдануға келісім нысанын тапсырып, кепілдік жарнаны төледі. Барлық төлемдер талапкердің Жеке кабинетінде жүргізіледі. Кез келген қате төлемдер қайтарылмайды. Төлемді іске асыру үшін нұсқаулықты орындаңыз.

Оқуға қабылдаудың келесі шарттары:

- Қажетті құжаттарды тапсыру.
- Оқыту қызметтерін көрсету шартына қол қою.
- Бағдарлау аптасына қатысу.

Refused Program offer. Талапкер оқуға шақыру хатын алғаннан кейін оқуға қабылдаудан бас тарту нысанын толтырды немесе оқуға қабылдау шарттарын орындамады.

Rejected from Program. Талапкердің өтінімі оқуға қабылдау үшін бос орындардың болмауына және конкурстық іріктеудің аяқталуына байланысты қабылданбады.

Did not come to Orientation week/Refused. Бағдарлау аптасына келмеді, яғни талапкер Университетте оқудан бас тартады.

Enrolled. Бұл өтінім статусы талапкердің бағдарламаға ресми түрде қабылданғанын растайды.

Enrolled conditionally. Бұл өтінім статусы талапкердің белгілі бір мерзімге дейін шарт(-тарды) орындау талабымен бағдарламаға ресми түрде қабылданғанын растайды.

Disqualified. Талапкер емтиханда немесе конкурс барысында Қағидаларды немесе талаптарды бұзуына байланысты конкурсқа қатысу құқығынан айырылды (дисквалификацияланды). Мысалы, емтиханда көшірді немесе өтінім бергенде жалған ақпарат берді.